

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК ӨңІРІНДЕГІ ГИДРОНИМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

\*Бекенова Г.Ш.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
м.а., Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан,  
<sup>\*1</sup>e-mail: [gulnara.bekenova@internet.ru](mailto:gulnara.bekenova@internet.ru)

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты – Қазақстанның солтүстік өңірінің гидрожүйесін лингвистикалық тұрғыдан қарастырылып, семантикалық типтерін топтастырып, гидронимдік объектілерді атаудағы өлке этностары мен тілдердің қатысын анықтау. Тіл білімінде гидронимдердің негізгі семантикалық топтары адаммен қатысы, объектімен қатысы және объектінің сын-сипаты деп берілген. Аталған мақалада мұндай семантикалық құрылым топонимиялық универсалдықтардың әсерімен және тұрғылықты халықтың (қазақтардың) өмірі мен шаруашылығының этномәдени ерекшелігімен байланысты екендігі дәлелденген.

Географиялық атаулар семантикасын зерттеу негізінен әр алуан материалға сүйеніп, семантикалық классификация жасаумен ғана шектеледі. ХІХ ғасырдан бастап ғалымдар топоним семантикасындағы атаудың белгілі объектпен байланысын ашып көрсете бастады. Біраз зерттеушілер объект сынын анықтайтын атаулар тобын да талдап жіктейді. Бұл екі топ зерттеу барысында, әдетте қарама-қарсы қойылып қарастырылады. Атаулардың бірінші тобы өзіне зерттеушілердің назарын көп аударады, себебі, топоним адамның қоршаған ортаны өзгерту процесімен өте тығыз байланысты және табиғатқа деген адамның антропоцентристік көзқарасы да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Сол себептен адамның объектпен байланысы маңызды пункт ретінде бөлінеді. Екінші топтың құрамына объектінің сан алуан сын-сипатын және басқа объектілерімен әртүрлі қарым-қатынасын білдіретін атаулар кіреді. Бүгінгі күн талабынан келсек, топоним семантикасын талдауда, бұл екі топты ғана бөлу ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз. Алдыңғы буын тәжірибесін ескеріп, географиялық атаулар семантикасының бар ерекшеліктерін қамтуға тырысып жасалған жаңа классификациялар дүниеге келіп жатыр. Олардың авторлары топтарды өзара белгілі бір тәртіппен бөліп, жіктеп, жүйеге келтіруде. Осыларды ескере келе, аталған мақалада географиялық зерттеулерге қатысты көрсетілген нәтижелер мен қорытындылар тіл білімінің лексикология, семасиология, этимология және ономастиология салаларына және қазақ ономастикасы бойынша тың пайымдау жасауға мүмкіндік береді.

Мақаланы жоғары оқу орындарында «Тарихи ономастика» пәні бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

**Тірек сөздер:** топоним, гидроним, Солтүстік Қазақстан, этностар, жер-су атаулары, лингвистика, өлкетану, ономастика.

### Негізгі ережелер

Көне замандағы этностар құрамын анықтарда археологиялық қазбалардан гөрі тілдік ескерткіштер, соның ішінде географиялық атаулар тарих қоймасы болып саналады. Ал гидронимдер жалқы атаулар ішіндегі уақыт өзгерісіне төзімді, консервативті түр екендігі белгілі.

Олардың құрамында қазір тілде кездеспейтін тілдік элементтердің сақталу мүмкіндігі зор: «...мағынасы көмескі атаулар, әсіресе, гидронимдер көне дәуірлерден бері өзгеріске түспей, көбіне сол қалпында бірге жетіп, тілдік мәліметтердің маңызын күшейте түседі» [1, 13 б.].

Топонимикадағы этимологиялық талдаудың, атаудың түп-төркінін, мағынасын анықтауымыздың мақсаты – атаулардың ішкі фораларын ашу, топоним негізіндегі апеллятивтердің семантикасын ажырату. Олардың көбі жалпы есімнен жалқы есімге аусқан (онимделген) көне сөздер қатарына жатады. В. Никонов топоформанттарды «таңбаланған атомға» теңеп, «солар арқылы халықтардың орын ауыстыруын, миграциясын анықтауға болады деп есептейді. Алайда атаудың жас мөлшерін анықтау қиын екенін мойындап 100 жыл шегіндегі өзгерістерді дәл басып айту сирек кездеседі» [2, 98 б.] – дейді.

### **Кіріспе**

Қазақстанның жер-су атауларының жинақтау, оларды реттеу, тарихи атауларды қалпына келтіру, аймақтық атаулар сөздіктерін шығару сияқты топонимиканың теориялық және қолданбалы мәселелері – қазақ тіл білімінің өте күрделі мәселелерінің бірі.

Белгілі бір территория топонимиясын қарастыру зерттейтін аймақтың шекараларын нақты анықтауды қажет етеді. Зерттеу ареалын анықтау материал жинағанда да, лингвистикалық талдау жүргізгенде де шашыраңқылықтан сақтануы керек етеді.

Шекараны анықтағанда ескергеніміз: 1) жаратылыс шекараларын белгілеуге әсерін тигізетін табиғи объектілердің болуы; 2) дәстүрлі, тарихи қалыптасқан шекаралар; 3) ресми (әкімшіліктік-территориалдық) шекара; 4) топонимикалық факторларды тізімдеу.

Бұл өңірді таңдауымыз кездейсоқ емес. Территориядағы өзендердің аз болғанымен, көл объектілерінің көптігі зерттеушінің назарын бірден аударады. Семантикасы жағынан гидронимия қызықты материал. Біріншіден, географиялық атаулар арасында гидронимдер – ең көне атаулар. Гидрообъектілер мағынасының кеңдік адам өмірінде бұл атаулардың өте сирек пайда болғанын көрсетеді. Екіншіден, басқа атауларға қарағанда, гидронимдер семантикасы объектінің физика-географиялық ерекшеліктерімен тығыз баыланысты. Мысалы, ойконимдер антропологиялық элементтермен және метонимия арқылы жасалған атауларға толы болса, гидронимияда мұндай үрдіс мүлде байқалмайды. Сондықтан географиялық атаулардың семантикасын гидронимдер негізінде салыстыру қолайлы.

Зерттеу аймағын таңдағанда, өңірдің физика-географиялық ерекшеліктері, яғни гидрообъектілердің, соның ішінде көлдердің, көп болуы да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Әдетте өзен атауларының этимологиясы ономастарды көп қызықтырады, ал ағын суы аз, тұйық суы көп территориядағы көл атаулары өзен аттарынан да көне болуы мүмкін, сондықтан тарих құпиясы осылардың бойында жатуы ықтимал.

Солтүстік өңір топонимдеріне көңіл аударуымыз өлкедегі тарихи және этникалық процестердің күрделілігімен, оның жан-жақтылығымен байланысты. Сонымен бірге солтүстік көрші Ресей елімен, Сібір, Алтай өлкелерімен шекаралас. Кейбір топонимистердің айтуынша, қазіргі солтүстік өңір территориясында бір кездері угорлар өмір сүрген. Кейін олардан соң түркі тілдес тұрғындар, қазіргі қазақтардың ата-бабалары келген. Географиялық атаулар халықтың көне тарихынан бастап осы күнге дейінгі өмірінен мәлімет бере алады. Сондықтан солтүстік өңір топонимиясын зерттеу үшін түркі және субстратты атауларды ажырату қажет. Бұл мақсатқа географиялық атаулар этимологиясын анықтап, семантикасын талдау арқылы жетуге болады.

Қазақстанның солтүстік өңірі деп алған территорияға қазіргі Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары кіреді. Солтүстік өңір атауына Павлодар (Кереку) облысы да енеді, бірақ облыс топонимдері (гидронимдері) толық зерттелгеннен соң, қайталауды жөн көрмей, бұл өлке атауларын қозғамадық. Сонымен жұмыста солтүстік қолданымымен аталған үш облыс (Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары) жерін береміз.

### **Материалдар және әдіс-тәсілдер**

Географиялық атаулар семантикасын зерттеу негізінен әр алуан материалға сүйеніп, семантикалық классификация жасаумен ғана шектеледі. XIX ғасырдан бастап ғылымдар топоним семантикасындағы атаудың белгілі объектпен байланысын ашып көрсете бастады. Біраз зерттеушілер объект сынын анықтайтын атаулар тобын да талдап жіктейді. Бұл екі топ зерттеу барысында, әдетте қарама – қарсы қойылып қарастырылады. Атаулардың бірінші тобы өзіне зерттеушілердің назарын көп аударады, себебі, топоним адамның қоршаған ортаны өзгерту процесімен өте тығыз байланысты және табиғатқа деген адамның антропоцентристік көзқарасы да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Сол себептен адамның объектпен байланысы маңызды пункт ретінде бөлінеді. Екінші топ біріншіге қарама-қарсы салыстырудан пайда болды. Оның құрамына объектінің сан алуан сын-сипатын және басқа объектілерімен әртүрлі қарым-қатынасын білдіретін атаулар кіреді. Бүгінгі күн талабынан келсек, топоним семантикасын талдауда, бұл екі топты ғана бөлу ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз. Алдыңғы буын тәжірибесін ескеріп, географиялық атаулар семантикасының бар ерекшеліктерін қамтуға тырысып жасалған жаңа классификациялар дүниеге келіп жатыр. Олардың авторлары топтарды өзара белгілі бір тәртіппен бөліп, жіктеп, жүйеге келтіруде.

Мәселен, М.Муминов атаулар семантикасын былай бөлгенді дұрыс көтереді: 1) географиялық объектілерінің түрін көрсететін топонимдер (яғни географиялық терминдер жеке топоним ретінде қолданылады); 2) белгілі жеке тұлғамен (индивид) объектінің қатысын білдіретін топонимдер; 3) объектінің әр түрлі сынын көрсететін топонимдер;

а) өсімдіктер; ә) жан-жануар әлемі; б) формасы, көлемі, орны және т.б. [3, 101 б.]. Дәстүрлі топтарға автор географиялық терминнің топоним ретінде қолданылатын тобын қосады. М. Муминовтың осы классификациясы нақты, дәлелді болмаса да, оны қолдануға қолайлы деп таныған жөн.

О. Молчанова топонимдер семантикасын өзінше саралайды. Оның классификациясы адам мен объектінің қатысына негізделеді. Ол топонимдерді екі топқа бөліп қарайды: 1) адамның практикалық әрекетімен байланысты тікелей көрсететін топонимдер; 2) осы байланысты жанама түрде көрсететін топонимдер. Алғашқы топ топонимдерді тұрғындардың іс-әрекеті – мал шаруашылығы, егіншілік, аңшылық, орман шаруашылығы, өмір салт, тұрмысы, туыстық қатынастарды, діни және т.б. ұғымдар жайлы ақпараттан тұрады. Соңғы топқа объектінің түсі, көлемі, формасы, орны, саны т.б. сындары көрсетілетін атаулар жатады. Олардың негізгі міндеті – жергілікті тұрғындарға жер бедерінде бағыт-бағдар беру. Бұл классификацияның өзіндік ерекшелігі болса да, кейбір сәттері күмән тудыратын сияқты. Біріншіден, жер бедерінде бағыт-бағдар беру бірінші және екінші топтың, тіпті жалпы атаудың негізгі міндеті. Сондықтан атаудың негізгі функциясын адамның іс-әрекетімен тікелей байланысты атаулармен қарсы қойып салыстыруға болмайды. Екіншіден, адамның белгілі іс-әрекетімен байланысты топонимнің пайда болу сәті белгісіз болғандықтан, оны бұл классификация бойынша топқа жіктеу қиындығы туады. Мәселен, О. Молчанованың жіктеуіне сүйенсек, Мыңбұлақ топонимі мал шаруашылығы, (малшыға су көзі маңызды), егіншілік, аңшылық жөнінде ақпарат та, жер бедерінде бағыт-бағдар да (атау номинациясының негізіне сандық сипат жатады) бере алады. Сондықтан оның классификациясын іске асыру үшін атаудан ақпарат алу қиынға соғады. Үшіншіден, бұл жіктеуде метафоралық атаулар жайлы сөз болмайды, сол себептен мұндай топонимдерді классификациялағанда да қиындық туады. Мысалы, Алқасор атауында ел тұрмысынан ақпарат бар, бұл бірінші топқа жатады. Сонымен бірге бұл атау топонимнің белгілі бір формасына да сілтеме жасап тұр, яғни екінші топқа жатқызуымыз керек. Сондықтан осы классификация шегінде шешуі қиын қарама-қайшылықтар туады.

Топоним семантикасының әртүрлілігі және «катал формальды түрде топтарға бөлуге қайшылығы» жалпыға ортақ семантикалық классификация жасау қиындығына әкеліп соғады.

В. Никоновтың семантикалық классификацияға қарсы шығуы да осы фактормен байланысты деп ойлаймыз: «...они побочны и вредны, многочисленные попытки сортировать названия «от растений», «от животных», «от почвы», «от истории» [3, 98 б.]. Бұл пікір ғалымдар жағынан көп сынға ұшырады. Мәселен, А. Матвеев топонимикалық номинация принциптерін зерттеу этимологиялық анализдің басты шарттары деп тауып, «зоологиялық», «ботаникалық» және тағы басқа

классификациялардың ғылыми құндылығы топоним қосымшаларын зерттегеннен гөрі әлдеқайда танымды екенін айтады. Лингвистикалық аспекте ерекше қызық тың мәселелерді ашады, өйткені топонимикалық лексиканың негізгі принциптерін және оның сипатын айқындауға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды.

Түркі топонимдерін семантикалық белгілеріне сәйкес топтастыру Ә. Әбдірахмановтың, С. Атаниязовтың, Г. Саттаровтың, К. Қонқобаевтың, О. Султаньяевтың, А. Камаловтың және кейінгі буын ғалымдардың еңбектерінде берілген. Олардың топонимдерді семантикалық сипаты жағынан бөлуі бір-бірімен мазмұндас келеді. Классификация негізінен екі топты қамтиды: 1) объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін топонимдер; 2) адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін атаулар. Бұл ерекшелікті белгілі зерттеуші Т. Жанұзақов «қазақ топонимдерінің лексика-семантикалық классификацияға назар аударуының ең басты мәні топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән-мағынасын ашу, олардың қоғамдық өмірмен, адамның іс-әрекет, тұрмыс-тіршілігімен байланысын анықтап білу болып табылады» [4, 176 б.] – деп бағалайды.

В. Махпиров лексика-семантикалық классификацияны этимологиялық талдаудың тікелей жалғасы және объективті дәлелі ретінде алады. Сондықтан өңір гидронимдерін аналитикалық тұрғыдан топтастыруда атаулардың барлық түрлері мен кластарын қамтитын, тақырыптық тұрғыдан, мағыналық сипаты жағынан аймақ топонимиясына кіретін ономастикалық элементтердің барлығын ескеретін жіктеу (классификация) жасауға тырыстық.

Сонымен, номинация сипатын (сынын) таңдағанда А. Дульзонның анықтамасына «особой направленностью интересов данного общества по отношению к географическим объектам» [5, 46 б.] – дегеніне жүгінеміз.

Жұмысымызда жоғарыда айтылған топонимикалық семантика бірліктерін ескере отырып, семантикалық классификация құрдық. Ірі топтарға атауларды бөлу номинация принципімен анықталып, «сын» (сипат) және «қатынасы» ұғымдарымен қатысы ескеріледі. Бұл ұғымдар мазмұны топонимнің жалпы дифференциалдық мағынасы болатын сияқты. Топонимияда адам іс-әрекетінің ролі маңызды екенін ескеріп, субъектке қатысты және объектке қатысты топонимдер деп әр топқа бөліп қарадық. Сонымен атаулар үш топқа бөлінеді:

- 1) белгілі субъект немесе субъектермен байланысын білдіретін топонимдер (гидронимдер);
- 2) белгілі объект немесе объекттермен байланысын білдіретін топонимдер (гидронимдер);
- 3) объектінің сын-сипатын білдіретін топонимдер (гидронимдер).

Семантикалық классификацияның ең ұсақ бірлігі нақты номинациялық сипат (сын), яғни семантикалық модель болып саналады.

Берілген үш негізгі топқа әртүрлі семантикалық модельдер кіреді де, олардың көбі семантикалық типтер құрамында болады.

Бірінші топқа алдымен «отантропонимические названия», адам есімі негізінде қалыптасқан топонимдер жатады. (Жәнібексор, Тоқсанбай көлі). Жергілікті тұрғындардың басқа этностармен қарым-қатынасының белгісі этнотопонимдерді де (Қалмақкөл) осы топқа енгізген жөн.

Екінші топ өз семантикасында басқа объектке қатысын білдіретін атауларды қамтиды. Бұл топ ішінде мағынасының әртүрлілігіне байланысты жеке тұрпаттарға (типтерге) бөлу қиын.

Үшінші топ семантикасында объектінің сын-сипаты, қасиеті берілетін топонимдерден құралады. Бұның құрамына алуан түрлі атаулар кіреді (судың сипаты, өсімдік және жан-жануарлар дүниесі, формасы және т.б.). Бұл топқа топоним ретінде қолданылған географиялық терминдер де енеді. М. Муминов оларды жеке топ ретінде алады, бірақ шынына келгенде, олар объектінің сын-сипатын білдіреді. Мәселен, Сор атауы көлдің пайда болу тәсілі жайлы ақпарат береді. Әрине, топонимді үшінші топқа терминнің мағынасы белгілейтін объектке дәл келсе ғана жатқызуға болады. Егер сәйкес келмесе, екінші топ құрамына кіреді, себебі, екі географиялық объекттер арасындағы байланысты меңзеп, метонимия арқылы атау бір объектен екіншісіне ауысады. Жалпы, ұсынып отырған классификациямыз географиялық атаулар семантикасын зерттегенде өз пайдасын тигізе ме деген ойдамыз.

### **Талқылау**

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – Қазақстанның солтүстік өңір гидронимдерін семантикалық типология тұрғысынан талдау жасап, субстратты гидронимдердің этимологиясын ашу. Осы мақсатқа сәйкес өңір гидронимдерін зерттеуде мынадай міндеттер қойылды:

- өңір гидронимдерін түгел жинақтап, жүйелеу;
- топонимикадағы семантикалық анализ ұғымдарын қалыптастыру;
- атаулардың номинациялық типтерін және уәждену (мотивация) ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан қарастыру;
- өңір гидронимдерінің семантикалық типологиясын құру;
- субстратты гидронимдер этимологиясына талдау жасау.

Мақала арқауы автордың 1998-2001 жылдары Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары бойынша жеке және 1998 жылы Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы Тіл білімі институты ұйымдастырған мемлекеттік экспедициялар кезінде жинаған материалдар негіз болады. Бұл деректер облыстар аудандарының, кеңшар мен ұжымшар карталарындағы, облыстық статистикалық комитетке жолданған түрлі жоспарлар мен ақпараттардағы, облыстық жер жоспарлау басқармасының (облгипрозем), облыстық аңшылар мен балықшылар Одағының, жер ресурстары басқармасының арнаулы карталарындағы, мемлекеттік мұрағат құжаттарындағы, өлкетану, этнографиялық мұражайларындағы мәліметтермен толықтырылады. Мақаладағы негізгі

ойды талқылау барысында Европа және орыс саяхатшыларының еңбектеріндегі деректер, анықтама-сөздіктер (справочник), «Көкшетау гидрогеология» акционерлік қоғамның мәліметтері пайдаланылады.

### **Нәтижелер**

Халық, ру, тайпа аттарынан пайда болған гидронимдер белгілі бір территориядағы этникалық топтар арасындағы қарым-қатынастар көрсеткіші болып табылады. Қазақстанның солтүстік өңірі халық миграциясының, тарихи процестің әсерінен кенде емес. Өңір қазақтардың ата-жұрты болғандықтан, атаулардың басым көпшілігі қазақ (түрік) атаулары екені белгілі. Сондықтан қазақ халқынан басқа бөтен этностардың осы өлкеде болуы номинация сыны ретінде алынып, гидроатауларда, жалпы топонимде, өз ізін қалдырмай қойған жоқ.

Гидроним құрамында жиі кездесетін этноним – қалмақ атауы (Қалмақкөл, Қалмаққырған көлі, Қалмаққайтқан көлі, т.б.). Қазақстан жерінде XIII ғасырдың бас кезінен басталған моңғолдардың үстемдігіне байланысты моңғол тілінен көптеген топонимдер енді. Біразы XVIII ғасырдың басында Қазақстанға шабуыл жасаған жоңғар қалмақтарының жорықтарына да байланысты болды. Гидрообъектінің (көлдің) қалмақтарға меншіліктілігі, объект маңайындағы қимыл, тарихи оқиға жергілікті халыққа маңызды көрініп, номинацияға негіз болып, атауда көрсетіледі.

Жиілігі жағынан екінші семантикалық модель – Ноғай көлі 3 рет аталады. Қостанай облысында кездесуі өңірде ноғай (ноғай, татар, башқұрт) халқының қоныстануымен, солтүстігінде Ресей елімен шекаралас жатуымен уәждеделген.

Сарт этнонимі де осы территорияда көл, томар терминдерімен қатар 2 рет қайталанады. Саны жағынан аз ұшырасатын этногидроним Басұрман көлі (Ақм.обл).

Аталған гидронимдер халық (этнос) атымен байланысты болса, ру, тайпа аттарынан пайда болған гидронимдер саны да біршама. Қазақ халқының көшпенді өмір салтына сай руға бөлу және әр су қарамағына нақты территорияны бөлу процесі географиялық объектілерді атауда өз ықпалын тигізді. Бұл объектілер мал-жанға қажетті су көздері болуы да заңдылық. Бір жерді жыл сайын қыстап, жайлап жүрген көшпенді халық жеке көл, өзен-су объектілеріне өз аттарын берген. Бірақ субъектіге қатысты топонимдерді антропогидроним, этногидроним, геногидроним «геноим этностан кіші бірлікті, ру-тайпа атауларын білдіреді) деп жеке бөлігенде, атауды қай топқа жатқызуға болады. Деген қиындық туады. Себебі бұл топтар бір-бірімен тығыз байланысты және өзара алмаса береді. Ру, тайпа аттарына негізделген гидронимдер деп солтүстік өңірді мекендейтін Орта жүз руларынан басқа бөтен ру атауларынан құрылған онимдерді алдық. Объектіні даралау. Оқшаулау принципін басты номинация сыны деп қарадық. Мысалы, Адай көлі – Қост. Обл.Кіші

жүздегі ру атымен де, жеке адам есімімен де байланысты болуы мүмкін. Көл жағасындағы ауылдың да Адай атануы, яғни Адай руының адамдары тұратын ауыл, біздің ойымызша, ру атымен байланысты сияқты. Кейде этноним көлге де, өзенге де қатар атау болған Керей көлі (Қост.обл), Керей өзені Керей көліне құяды. Адам есімі мен ру, тайпа атауларынан туған гидронимдерді жеке-жеке бөлуде қайталанбас үшін жиналған материалдар арасынан баршаға белгілі гидроним құрамындағы ру атауларын ғана бөліп алдық. Атап өтсек, Қанжығалы көлі (Ақм.обл) Бөгенбай батыр руының атына сай қойылған болу керек. Қарақыпшақ көлі (Қост.обл) жағалбайлы көлі (Ақм.обл.) т.б. Сонымен бірге өңірде кездесетін Мамай, Матай, Жүкей көл атауларын, Жабай өзен атауын зерттеушілер геногидроним қатарына жатқызады. Бізде бұл атаулардың семантикасына қосымша уәж, дәлел болмағандықтан айтылған оймен келісеміз.

Қазақ этнонимдері жайлы сөз қозғағанда аса маңызды түпдерек И. Лезина мен А. Суперанскаяның «Словарь-справочник тюркских родоплеменных названий» атты сөздігін атау керек. 12 мың этнонимикалық бірліктерден тұратын жұмыс тек сөздік қана емес, XIX-XX ғасырлардағы этнографтар ойларынан жасалған тұжырымы бар, ру-тайпалық құрылымның ерекшелгі жайлы маңызды пікірлерді ортаға салған құнды еңбек болып саналады.

Жалпы алғанда гидронимдердің семантикалық типологиясын құруда бірінші топ атаулары өзінің қайталану жиілігінің төмендігінен, екінші, үшінші топ атауларына қарағанда аса құнды материал бола алмайды. Дегенмен де, антропоним мен этнонимнен жасалған гидроатауларды талдау адамдар мен жеке этностардың тұрғын жер шекарасын, өңірдегі тарихи үрдіске қатысу белсенділігін анықтауда аса маңызды материал болып табылады.

Ортакөл гидронимі Қостанай облысында 5 рет, Ақмола облысында 3 рет тіркеліп, есеркетін бір жайт гидроним көлді аудандарда орналасқанын байқадық. Осыған қарағанда Ортакөл гидронимдері басқа екі көл арасындағы көл мағынасындағы атау деп айтуға болады. Сонымен бірге Жалаулы өзенінің Бас Жалаулы, Орта Жалаулы атауларындағы орта моделі де осы семантикада қолданылып тұр.

Осы моделге семантикасы жағынан жақын «екі объект арасында, олардың ортасында тұратын объектіні білдіретін келесі модель – «ара», «Аракөл» формасында 2 рет кездеседі. «Орта» моделі жайлы айтылған ойларды бұл моделге де қатысты қолдануға әбден болады, тек бір айырмашылығы бұл модель объектіге, оның орнына нақты сілтеме жасайды. Бұл модель жергілікті тұрғындардың қашықтыққа сай қолданымдарымен тікелей байланысты деп ойлаймыз. Қоршаған ортадағы қашықтық жолмен белгіленеді, сондықтан екі қоныс орны немесе басқа екі географиялық объектілер арасында, жол ортасында кездесетін гидрообъектінің Аракөл аталуы заңды деп санаймыз.



Алайда «Орта» моделінің семантикасын басқа номинация сыны «көлдің аумағы арқылы да түсіндіруге болады. Бұл түсіндірме Үлкенкөл, Ортакөл, Кішікөл атаулар қатарында болуы қажет. Қарастырып отырған территорияда осы атаулар кездеспеді. Сондықтан Ортакөл атауларының негізінде екі басқа объектілер арасында орналасқан объект деген номинациялық сын қолданылған. Семантикалық модельдеің қолдану жиілігі – рет.

Біздің жиған материалдарымыздың ішінде төрт рет Жартыкөл атауы кездесті. Бір көлді екіге бөліп, жарты көл деп белгілеуі қисынға келмейтін сияқты. Сондықтан ауыл ақсақалдарының «суы тартылған, суы азайған, жартылаған» көл деп түсіндірулері шындыққа жанасатын сияқты.

Бұл модель жар+ты (салыстырыңыз: Сіле+ті, Өлең+ті Шідер+ті) моделі типтес жолмен құрылған жар биік жағасы бар көл» деген ұғымға сәйкес келетін атау болуы да мүмкін.

Келесі жиі кездесетін модель – «мола, оба». Обалыкөл түрінде – 7 рет, Молалыкөл – 2 рет, Молалытомар – 2 рет зерттеу аумағында кездеседі. Жазық және орманды дала зонасында бейіт қорғандары немесе табиғи дөңес төбелердегі мола-бейіт, зираттар адамдар назарын өзіне аударып, номинация үрдісіне әсерін тигізбей қойған жоқ. Көл жағалауындағы мола-бейіт, төмпешіктер гидрообъектіні атауда номинация негізіне кіреді. Оба «дөңес жерлерге тастан, топырақтан, үйіп жасаған меже белгі» [6, 367 б.]. Бұл термин топонимдер құрамында түрік, моңғол тілдерінде кеңінен кездеседі, моңғол-түрік тілдеріне ортақ сөз деген пікір ономастикада көптен айтылып жүр. Сондықтан «мола» моделіне қарағанда «оба» моделі қатысқан атаудың көне екендігі жайлы айтуға да болады. Обалыкөл гидронимі зерттеу облыстарының ішінде Ақмола облысында көп кездеседі. Жоғарыдағы пікірімізді растай отырып, жазық дала рельефінде оба, қорғандар орманды дала зонасына қарағанда номинацияға жиі қатысады. Тіпті облыс және Астана қаласының бұрынғы атында да мола (оба) моделі бар. Оба, молалар текноминация сына ғана болмай, қазақтың сар даласында жүргінше-жолаушыға бағыт-бағдар беретін көрсеткіш ретінде де қызмет еткен болар.

Осы семантикалық типке «ағаш, «орман» модельдерін шартты түрде жатқызуға болады. Себебі, модельдер объектінің не сынын, не келесі затқа, объектіге қатысын білдіретін анықтау қиын. Егер объект айналасындағы ландшафты, яғни ағаш, орман, қарағайдың болуын объект сыны деп қарасақ, топонимді үшінші топқа жатқызу керек. Мәселен, Ағаштыкөл атауында жағасындағы ағаштың болуы номинация сыны болып саналады. Егер орман, ағашты жеке объект деп санап, топообъекттер арасындағы қатынасатын номинация негізіне алсақ, мұндай атаулар екінші топқа жатады. Объект сыны деп жеке бөліп қарайтындықтан, жұмысымызда бұл модельді екінші топта қараймыз. «Ағаш» моделі Ағаштыкөл түрінде 7 рет, негізінен Қостанай облысы мен бұрынғы Көкшетау облысының территориясында кездеседі. «Қарағай» моделінің «ағаш» моделіне қарағанда топоним құрамында қолдану

жиілігі шамалы – рет. Бұл гидронимнің де аталған облыс жерінде кездесуі жер бедерінің табиғатына байланысты деп ойлаймыз. Ағашты, қарағайлы атаулар орманды дала және жазық рельефті өңірде жағалауында орман, ағаш бар немесе орман ортасындағы объектілерге қойылады. Мәселен, атақты Бурабай көлін П.Семенов Тянь-Шанскийдің еңбегінде Қарағайлы түрінде кездестіреміз [7, 26 б.]. Орыс тілінде Боровое атауы да объектінің қарағайлы ну орман (бор) ортасында орналасуын номинация негізіне алған. Сонымен бірге кей жағдайда көл маңайындағы шағын шоқ ағаш номинацияға түсіп, объектіге атау болады, мұндай құбылыс көбінесе далалы зонада байқалады. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстік шығысындағы Ағаштыкөл жағасындағы кішігірім тоғай, шоқ ағаш басты номинация сыны болған.

«Арал» моделі Аралкөл (4), Аралсор (2) атауларында кездеседі. Көлде бір немесе бірнеше аралдың юолуы оның сырт көрінісін оқшаулап, объектіні көзбен қабылдауда бірден ерекшелейді. Бірақ бұл аралдар шаруашылықта пайдасы шамалы, тіпті мүлде жарамсыз, сондықтан модельдің атауға қатысу жиілігіне кері әсерін тигізеді. Мұндай объектілерді атауда номинацияға негізінен көлдің сырт көрінісі ғана кіреді. Аралкөлдер өңірдің солтүстігінде Батыс Сібір жазығымен ұласатын аудандарда кездесуі көл атауларының мағынасын түсіндіреді. Көлдердің қопаланып, ортасына қамыс өсудің нәтижесінде томарлы аралдар пайда болып, номинация сынының негізіне енеді.

Атаудың белгілі бір объектіге қатысы арқылы жасалғанын білдіретін келесі модель – кіндік. Гидрообъект-көлдің түбінде, ортасында көздің, су асты құдықтың, «кіндіктің» болуымен уәжделген. Атау жергілікті тұрғындарға көлдің қауіпті, батып кетуге болатын және суы тартылмайтын, сыртқы судан (құятын бұлақ-жылға, еріген қар суынан) басқа су алатын көзі бар деген ақпарат береді. Модель Кіндіктікөл, Кіндік көл түрінде зерттеу өңірінде 6 рет кездеседі.

Жоғарыда айтылған ой-жорамал, негізінде, жергілікті информанттардың пікіріне сүйеніп айтылды. Біздің ойымызша, осы атау құрамындағы кіндік – «жер ортасы», «нақ ортасы», «аралық» деген ұғым беріп, жоғарыда аталған орт, ара сөздерімен де сәйкес келіп, Ортакөл, Аракөл және Кіндіккөл – бір ұғымды білдіретін мағыналас атаулар деп те қарастыруға болады.

Қолдану жиілігі аз болса да, номинация процесіне қатысып Күнегей көл гидронимінде кездесетін «күнегей» моделі зерттеу өңірінде 3 рет кездеседі. «Күнегей» моделін картографиялық тіркеуде фонетикалық тұрғыдан адаптацияланған қазақ тілінде оңтүстік бағытты білдіретін «күнгей» сөзімен байланысты деп қараймыз. Көлдің басқа бір объектіден оңтүстікке қарай орналасуы бұл семантикалық типтің басты номинациялық сыны болып саналады, ал қай объектіге қатысты оңтүстікте екені белгісіз. Теріскөл, Терісбұтақ, Терісаққан өзен атауларындағы теріс сөзі осы «солтүстік, теріскей» мағынасында да, ағу бағытының әдеттен тыс өзгеше болуы не теріс болу мағынасында да

қолданылуы мүмкін. Оны жеке модель деп алсақ, «теріс» моделі қайталануы жағынан көп емес, 3 рет кездеседі. «Теріскей» моделін Ақмола облысындағы бұлақ атауынан кездестірдік.

«Шет», «төмен» модельдері де объектінің келесі бір объектіге қатысы арқылы номинацияға түскенін көрсетеді, бірақ қай объектінің шетінде орналасқанын немесе қайсысынан төменде екені белгісіз. Мұндай жағдайда қазақ ірі кең кеңістікті ойына алатынын ескерту керек. Мұндай атаулар бұ өңірде Төменкөл, Шеткөл формасында бір реттен кездеседі. Семантикасы басқа бір объектіге қатысты білдеретін атаулар тобына Егіндікөл және Қотыркөл атауларын да жатқызамыз. Бұл атаулар жайлы топонимикалық еңбектерде көп айтылып жүр. Мәселен, Егіндікөл атауын қазақ тілінен «көл жағасындағы егілген егіннің барлығын» білдіреді деп оңай түсіндіруге болады. Сонымен бірге «егін» моделін көне моңғол тілінен «эхен» – начало, источник; «эхэнднь» – в начале; «эг, эк» – исток, начало – «бастау, қайнар көз» мағынасымен байланыстыра түсіндірген дұрыс деп ойлаймыз [8, 183 б.].

Е. Қойшыбаев та бұл пікірді қостап, «егін» – 1) начало родника; 2) «хлебная нива» деп атау мағынасын екі түрлі ашады. Зерттеу өңіріне егін егі мәдениеті гидрообъектілердің пайда болып, номинациялану үрдісінен әлдеқайда кеш болғанын, яғни солтүстік өңірді жаппай тың игеру ісі кейін (20 ғасырдың екінші жартысынан) басталғанын ескерсек, «бастауы бар, су шығатын қайнар көзі бар» тұжырым дұрысырақ деп алып, «егін» моделінің жиі қайталануы (6 рет) және мұндай атаулы объектілердің ерекшелігін ескеріп, гидронимді екінші топ қатарында қараймыз.

Қотыркөл гидроатауларындағы «қотыр» моделі зерттеу аймағында 5 рет кездеседі. Қотыр – «непрозрачное, мелкое озеро» [9, 181 б.]; «кедір-бұдыр, тау-тасты жерде орналасқан көл» [10, 18 б.]; қотыртөбе – «паршивый холм» [11, 261 б.] сияқты мағынада қолданылады. Сонымен бірге Қотыркөл атауын соңғы кезде Қатаркөл деп те атап жүр. Мәселен, Ақмола облысы Щучье ауданындағы Қотыркөл жағасындағы Қотыркөл кентін ономастикалық комиссияның шешімімен Қатаркөл деп өзгертілді. Қазақ тіліндегі қотыр сөзін орыс, қазақ қоныс аударушыларының фонетикалық тұрғыдан өзгертіп алған қатар сөз деп дәлелдейді. Қатар орналасқан екі көл номинация сынына басты негіз болып енген деген тұжырымдама жасайды. Алайда қатар орналасқан екі көл қазақ ономастикасында әдетте Қоскөл атауымен берілетін.

Сонымен, гидрообъектіге атау берерде номинация иесі басқа объектіге қатысын ескереді. Көл, өзен объектілерін көзбен қабылдау үлкен кеңістік көлемінде, яғни маңайындағы басқа объектілер арасындағы қашықтық, олардан орналасу тұсы, жағасындағы елеулі заттар сияқты т.б. ерекшеліктерді қатыстыра отырып, оним жасалады.

### **Қорытынды**

Аталған гидронимдер халық (этнос) атымен байланысты болса, ру, тайпа аттарынан пайда болған гидронимдер саны да біршама. Қазақ

халқының көшпенді өмір салтына сай руға бөлу және әр су қарамағына нақты территорияны бөлу процесі географиялық объектілерді атауда өз ықпалын тигізді. Бұл объектілер мал-жанға қажетті су көздері болуы да заңдылық. Бір жерді жыл сайын қыстап, жайлап жүрген көшпенді халық жеке көл, өзен-су объектілеріне өз аттарын берген. Бірақ субъектіге қатысты топонимдерді антропогидроним, этногидроним, геногидроним («геноим этностан кіші бірлікті, ру-тайпа атауларын білдіреді) деп жеке бөлгенде, атауды қай топқа жатқызуға болады. Деген қиындық туады. Себебі бұл топтар бір-бірімен тығыз байланысты және өзара алмаса береді. Ру, тайпа аттарына негізделген гидронимдер деп солтүстік өңірді мекендейтін Орта жүз руларынан басқа бөтен ру атауларынан құрылған онимдерді алдық. Объектіні даралау. Оқшаулау принципін басты номинация сыны деп қарадық. Жалпы алғанда гидронимдердің семантикалық типологиясын құруда бірінші топ атаулары өзінің қайталану жиілігінің төмендігінен, екінші, үшінші топ атауларына қарағанда аса құнды материал бола алмайды. Дегенмен де, антропоним мен этнонимнен жасалған гидроатауларды талдау адамдар мен жеке этностардың тұрғын жер шекарасын, өңірдегі тарихи үрдіске қатысу белсенділігін анықтауда аса маңызды материал болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Жанұзақов Т.Ж. Қандай есімді ұнатасыз. – Алматы, 1968. – 180 б.
- [2] Аскеров Н.А. Гидронимы в азербайджанском языке: диссерт канд.наук. – Баку, 1986. – 151 с.
- [3] Бекжанов Т., Абдимуратов К. Структура каракалпакских топонимов //Советская тюркология. –1971. – №6. – С. 32-38.
- [4] Беккер Э. Г. О некоторых селькупских географических терминах // Сб.: Языки и топонимия Сибири. Вып. 3. – Томск, 1970. – С. 9.
- [5] Бертогаев Т.А. О монгольских и бурятских гидронимах. – В кн.: Ономастика Востока. – М., Наука, 1980. – С. 124-129.
- [6] Географические названия Приенисейской Сибири. – Иркутск, 1986. – 197 с.
- [7] Глинских Г.В., Рудных А.И. К интерпретации семантических соответствий в разноязычной по происхождению топонимике одной территории. – В кн.: Вопросы топономастики. – Сведловск, 1972. – №6. – С. 75-84.
- [8] Глинских Г.В. Классификация народной лексики и топонимия.– В кн.: Вопросы ономастики. – Сведловск, 1982. – С. 11.
- [9] Горцев В.Н. Саратовская область в географических названиях.– Саратов, 1984. – 213 с.
- [10] Гриценко К.Ф. Глагольные гидронимы в якутском языке. – В кн.: Языки и топонимия Сибири. Вып. 2. – Томск, 1976. – С. 208-213.
- [11] Гриценко К.Ф. Названия рек и озер Якутии: автореферат диссертации... канд.филол.наук. – Томск, 1976. – 24 с.

#### REFERENCES

- [1] Janūzaqov T.J. Qandai esimdi ūnatasyz [What name do you like]. Almaty, 1968. 180 b. [In Kaz.]
- [2] Askerov N.A. Gidronimy v azerbaijanskom iazyke: dis.kand.nauk. [Hydronyms in the Azerbaijani language: dis.candidate of Sciences]. Baku, 1986. 151 p. [in Rus.]

- [3] Bekjanov T., Abdimuratov K. Struktura karakalpakskikh toponimov [Structure of Karakalpak toponyms]. Sovetskaia türkologia, 1971, №6. P. 32-38. [in Rus.]
- [4] Bekker E.G. O nekotorykh selkupskikh geograficheskikh terminakh [About some Selkup geographical terms]. Tomsk, 1970. P. 9. [in Rus.]
- [5] Bertogaev T.A. O mongölskikh i burätskikh gidronimah [About Mongolian and Buryat hydronyms]. M., Nauka, 1980. P. 124-129. [in Rus.]
- [6] Geograficheskie nazvaniya Prieniseiskoi Sibiri [Geographical names of Yenisei Siberia]. Irkutsk, 1986. 197 p. [in Rus.]
- [7] Glinskih G.V., Rudnyh A.İ. K interpretatsii semanticheskikh sootvetstviu v raznoiazychnykh po proishojdeniu toponimiki odnoi teritorii [On the Interpretation of Semantic Correspondences in Toponyms of the Same Territory that are Multilingual in Origin]. Svedlovsk, 1972, №6. P. 75-84. [in Rus.]
- [8] Glinskih G.V. Klasifikatsia narodnoi leksiki i toponimia [Classification of folk vocabulary and toponymy]. Svedlovsk, 1982. P.11. [in Rus.]
- [9] Gorsev V.N. Saratovskaia oblät v geograficheskikh nazvaniakh [Saratov region in geographical names]. Saratov, 1984. 213 p. [in Rus.]
- [10] Grisenko K.F. Glagölnye gidronimy v iakutskom iazyke [Verbal hydronyms in the Yakut language]. Tomsk, 1976. P. 208-213. [in Rus.]
- [11] Grisenko K.F. Nazvaniya rek i ozer İakutii: avtoreferat disertatsii kand.filol.nauk [Names of rivers and lakes of Yakutia: abstract of the dissertation... Candidate of Philology sciences]. Tomsk, 1976. 24 p. [in Rus.]

## СЕМАНТИКА ГИДРОНИМОВ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА

\*Бекенова Г. Ш.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>кандидат филологических наук, и. о. ассоциированного профессора,  
Евразийский гуманитарный институт, Нур-Султан, Казахстан,  
<sup>\*1</sup>e-mail: gulnara.bekenova@internet.ru

**Аннотация.** Цель статьи – с лингвистической точки зрения рассмотреть названия поверхностных водных ресурсов северного региона Казахстана, сгруппировать семантические типы, определить степень влияния языков этносов, проживающих в данном регионе, на наименование гидронимических объектов. В лингвистике основные семантические группы гидронимов обозначаются как отношение к человеку, отношение к объекту и критика объекта. В данной статье доказано, что такая семантическая структура связана с влиянием топонимических универсалий и этнокультурной спецификой жизни и хозяйства коренного населения (казахов).

Изучение семантики географических названий ограничивается главным образом составлением семантической классификации, опирающейся на разнообразный материал. С девятнадцатого века ученые начали раскрывать связь имени в семантике топонима с известным объектом. Некоторые исследователи также анализируют и классифицируют группы имен, которые определяют критику объекта. Первая группа имен привлекает к себе большое внимание исследователей, так как топоним очень тесно связан с процессом изменения человеком окружающей среды, и антропоцентрическое отношение человека к природе также оказало своё влияние. Поэтому связь человека с объектом выделяется как важный пункт. Вторая группа возникла из сравнения, противоположного первой. В ее состав входят названия, выражающие многообразную критику объекта и различные отношения с другими объектами. Что касается сегодняшних требований, то при анализе семантики топонима выделение только этих двух групп недостаточно с научной точки зрения.

С учетом опыта предыдущего поколения рождаются новые классификации, которые пытаются охватить существующие особенности семантики географических названий. Авторы разделяют, классифицируют и систематизируют группы между собой в определенном порядке. С учетом этого указанные в данной статье результаты и выводы, касающиеся географических исследований, позволяют сделать выводы по лексикологии, семасиологии, этимологии и ономастиологии языкознания и по казахской ономастике.

Статья может быть использована в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям по дисциплине «Историческая ономастика» в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:** топоним, гидроним, Северный Казахстан, этносы, названия земель и вод, лингвистика, краеведение, ономастика.

## SEMANTICS OF HYDRONYMS OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN

\*Bekenova G. Sh.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>candidate of philological sciences, and. about. Associate Professor, Eurasian Humanitarian Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan,

\*<sup>1</sup> e-mail: [gulnara.bekenova@internet.ru](mailto:gulnara.bekenova@internet.ru)

**Abstract.** The purpose of the article is to consider the surface water resources of the northern region of Kazakhstan from a linguistic point of view, to group semantic types, to determine the degree of influence of the languages of ethnic groups living in this region on the name of hydronymic objects. In linguistics, the main semantic groups of hydronyms are designated as relation to a person, relation to an object, and criticism of an object. This article proves that such a semantic structure is associated with the influence of toponymic universals and the ethno-cultural specifics of the life and economy of the indigenous population (Kazakhs).

The study of the semantics of geographical names is limited mainly to the compilation of a semantic classification based on a variety of material. Since the nineteenth century, scientists began to reveal the relationship of a name in the semantics of a toponym with a known object. Some researchers also analyze and classify groups of names that define object criticism. The first group of names attracts a lot of attention of researchers, since the toponym is very closely connected with the process of changing the environment by man, and the anthropocentric attitude of man to nature also did not have its influence. Therefore, the connection of a person with an object stands out as an important point. The second group arose from a comparison opposite to the first. It consists of names that express a variety of criticism of the object and various relationships with its other objects. As for today's requirements, when analyzing the semantics of a toponym, highlighting only these two groups is not enough from a scientific point of view. Taking into account the experience of the previous generation, new classifications are born that try to cover the existing features of the semantics of geographical names. Their authors divide, classify and systematize groups among themselves in a certain order. With this in mind, the results and conclusions indicated in this article regarding geographical research allow us to draw conclusions on lexicology, semasiology, etymology and onomasiology of linguistics and on Kazakh onomastics.

The article can be used as an additional educational material in preparation for lectures and practical classes on the discipline «Historical Onomastics» in higher educational institutions.

**Keywords:** toponym, hydronym, Northern Kazakhstan, ethnic groups, names of lands and waters, linguistics, local history, onomastics.

*Статья поступила 03.07.2022*